

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 1 Нормативтік қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008.02.07. N 1 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002.04.12. N 1/2 қосымша қаулысын қараңыз.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы әділет вице-министрі Р . Ш . Ш а м с у т д и н о в т і н ;

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары Ә.Т.Жүкеновтің;
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары Б.Ж.Әбдірайымов пен Н . И . М а м о н т о в т ы н ,

қатысуымен өткен өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі ө т і н і ш і н қ а р а д ы .

Қолда бар материалдарды зерделеп, баяндамашылар Конституциялық Кеңестің мүшелері Н.І.Өкеев пен В.Д.Шопинді, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі м ы н а н ы а н ы қ т а д ы :

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 2002 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтінішін конституциялық іс жүргізуге қабылдады. Бұл орайда өтініш субъектісі осы конституциялық ережелердің мәнінен:

1. Тұлғаның аралық сотқа жүгінуі Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_13-бабында кепілдік берілген сот қорғауына оның құқығын іске асыру болып табылады.

2. Қазақстан Республикасындағы әділ сотты тек Қазақстан Республикасы сот

жүйесінің соттары ғана жүзеге асырады немесе осы ұғымға дауларды аралық
с о т т а р д ы ң қ а р а у ы ж а т а д ы .

3. Тараптардың заңға сәйкес дауды аралық соттың шешуіне беру туралы шарт жасасуы кейін осы дауды Қазақстан Республикасының сот жүйесі соттарының қарауын болдырмайды, деген сияқтылар туындайды ма дейтін мәселелер қояды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 13-бабы 2-тармағының және 75-бабы 1-тармағының нормаларын талдау кезінде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

Конституцияның 13-бабы 2-тармағына ресми түсіндірмені Конституциялық Кеңес "Қазақстан Республикасы Конституциясы 13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 76-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы" 1999 жылғы 29 наурыздағы N 7/2 S990007_ қаулыда берген болатын. Кеңес, "Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар" деген конституциялық принцип, кез-келген адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін сотқа шағымдануға құқығы бар екенін білдіреді. Бұл құқықты пайдалану заңмен белгіленген негізде және тәртіппен жүзеге асырылады, деп түсіндірді.

Конституцияның К951000_ 13-бабы 2-тармағының - әркімнің сот арқылы қорғалуына құқығы бар деген нормасы, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына берілетін конституциялық кепілдік болып табылады, сондықтан Конституцияның 39-бабы 3-тармағына сай ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

Сонымен бірге, Конституцияның 13-бабы 1-тармағында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығы белгіленген. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі К941000_ жалпы бөлімінің 9-бабы 1-тармағында және Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411_ 25-бабында көзделген, мүліктік дауды аралық соттың қарауы осындай тәсілдің бірі болып табылады, ол жерде азаматтық құқықтарды қорғауды аралық соттың жүзеге асыратындығы белгіленген.

Аралық сотқа жүгіну мүмкіндігі азаматтық құқықтар табиғатының өзінен келіп туындайды. Азаматтық кодекстің К941000_ 2-бабы шарт еркіндігі принципін баянды етіп, азаматтар мен заңды тұлғаларға өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болу және оларды жүзеге асыру мүмкіндігін береді. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және шарттың заңдарға қайшы келмейтін кез келген жағдайларын белгілеуде ерікті.

Конституцияның К951000_ "Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады" деген 75-бабының 1-тармағын, мемлекеттік биліктің сот тармағын білдіретін органдар ретінде, соттар ғана сот төрелігін жүзеге

асырады деп түсінген жөн. Республика Конституциясымен және сот жүйесі туралы конституциялық заңмен белгіленетін, Республиканың бірыңғай сот жүйесіне кіретін, заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты және жергілікті соттары Республиканың соттары болып табылады (Конституцияның 75-бабының 3 және 4-тармақтары).

Конституцияның 76-бабы 1-тармағына сай, Республиканың сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және оның мақсат-міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен даулар, Республиканың сот жүйесіне кіретін соттарға ғана ведомстволық бағынысты болады (Конституцияның 76-бабының 2-тармағы). Конституцияда және конституциялық заңда көзделген тәртіппен өкілеттік берілген кәсіби судьялар сот билігін атқарушылар болып табылады. Бұл орайда олар сотта іс жүргізудің заңмен белгіленген нысандары арқылы сот төрелігін жүзеге асырады (Конституцияның 75-бабының 2-тармағы). Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады (Конституцияның 76-бабының 3-тармағы). Олардың орындалуы, заңмен белгіленетін, мәжбүрлеу және жауапкершілік шараларынан тұратын құқықтық механизм арқылы қамтамасыз етіледі.

Аралық сот Конституциямен де, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы" Z000132_ конституциялық заңмен де Республиканың сот жүйесіне енгізілген және сот төрелігін жүзеге асыру жөнінде айрықша өкілеттік берілген мемлекеттік соттарға жатқызылмаған. Аралық сот заңмен құрылмайды, оны тараптардың өзі сайлайды және оған өтініш тараптардың келісімі негізінде беріледі. Тараптардың дауды аралық сотқа беру туралы шартта баяндалған өзара келісімі мен еркі, аралық сот қызметінің негізі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Аралық соттың мүліктік дауларды шешу жөніндегі қызметі және оның шешімдерін орындау механизмі заңмен реттелмеген, сондықтан тараптардың бірі аралық соттың шешімін орындаудан бас тартатын немесе оның ұйғарымымен келіспейтін кезде күрделі жағдайлар туындайды. Бұл жағдайға Конституциялық Кеңес өзінің "Қостанай облыстық сотының "Экономикалық дауларды шешу үшін аралық соттар туралы үлгі ережені" конституциялық емес деп тану туралы өтінімі жөнінде" 2000 жылғы 16 ақпандағы N 1/2 S000001_ қаулысында назар а у д а р ғ а н б о л а т ы н .

Мұндай жағдайда шарттасушы тараптардың бірі өзінің бұзылған құқықтарын одан әрі Республика соттарында қорғау мүмкіндігінен шектеледі. Мәселен, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411_ 249-бабы 5) тармақшасына сай, сот, егер тараптар арасында бұл дауды заңға сәйкес аралық соттың шешіміне беру туралы келісім жасалса және жауапкерден істі мәні бойынша қарау басталғанға дейін дауды сотта шешуге қарсылық білдірілсе, арызды қараусыз қалдырады. Бұл нормадан туындайтыны, екі жақтың - арыз беруші мен жауапкердің келісімі болғанда ғана аралық соттың шешіміне шағымдану мүмкін. Сол себепті, сот арқылы қорғалу құқығы екінші бір жақтың қалауына тәуелді болып қалады.

Мұндай заңдық шектеу Конституцияның К951000_ 4-бабы 2-тармағының, 13-бабы 2-тармағының, 75 және 76-баптарының - барлық заңдар және солардың негізінде жасалатын шарттар Республика Конституциясына сәйкес болуға тиіс, - деген нормаларымен үйлеспейді. Демек, дауды аралық сотта шешу, тараптардың Конституциямен және заңдармен сот төрелігін жүзеге асыру құқығы берілген соттарға жүгінуіне бұдан кейін кедергі бола алмайды.

Осылайша, Республика Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтініште қойылған мәселелерге қатысты Конституциялық Кеңес мынадай ұйғарымға келді:

1. Аралық сот Қазақстан Республикасында сот төрелігін жүзеге асыратын сот жүйесіне кірмейді, азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың арасындағы экономикалық дауларды олардың ерікті қалауы бойынша қарайды. Азаматтар мен заңды тұлғалар үшін аралық сотқа жүгіну, олардың Конституцияның 13-бабы 2-тармағымен белгіленген құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығын жүзеге асыру болып табылмайды.

2. Конституцияның 75-бабы 1-тармағымен баянды етілген, "Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады" деген конституциялық принцип Республиканың сот жүйесіне кіретін соттарды ғана қамтиды. Дауларды аралық соттардың қарауы сот төрелігін жүзеге асыруды білдірмейді.

3. Тараптардың дауды аралық соттың шешуіне беру туралы азаматтық-құқықтық шарт жасасуы, бұдан кейін осы дауды Республиканың сот жүйесі соттарының қолданыстағы заңдарда белгіленген тәртіппен қарау мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" У952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1)

тармақшасын, 32, 33, 37, 40-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының "Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар" деген 13-бабы 2-тармағын, кез келген адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін заңмен белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар деп түсінген жөн.

Республика Конституциясының "Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады" деген 75-бабының 1-тармағы, Конституциямен және Республиканың конституциялық заңымен белгіленген, Қазақстан Республикасының бірыңғай сот жүйесіне кіретін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына және жергілікті соттарына ғана сот төрелігін жүзеге асыру құқығы берілгенін білдіреді.

Конституцияның 76-бабы 1-тармағына сай, аталған соттар, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғай отырып, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ете отырып, сот билігін Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырады.

2. Өтініш нысанына қатысты қолданыста, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағының және 75-бабы 1-тармағының нормалары, азаматтар мен заңды тұлғалар үшін аралық сотқа жүгіну олардың құқықтары мен бостандықтарының сотта қорғалуына конституциялық құқығын жүзеге асыру болып табылмайды; дауларды аралық соттардың қарауы "сот төрелігі" деген ұғымға жатпайды, Республикада оны соттар ғана жүзеге асырады; тараптардың дауды аралық соттың шешуіне беру туралы азаматтық-құқықтық шарт жасасуы, бұдан кейін осы дауды Республиканың сот жүйесі соттарының қолданыстағы заңдарда белгіленген тәртіппен қарау мүмкіндігін жоққа шығармайды.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Парламентінің назары аралық соттарды ұйымдастырудағы және олардың қызметін құқықтық регламенттеудегі келіспеушілік пен толымсыздыққа аударылсын.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 74-бабы 3-тармағына сәйкес, қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

5. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің*

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК